

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министірлігі «Әзірет Сұлтан»
Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚҚ мен Түркістан қаласы "Қ. Сәтбаев
атындағы №12 жалпы білім беретін мектеп" КММ-ің арасындағы өзара
ынтымақтастық туралы**

МЕМОРАНДУМ

Түркістан қ.

«06» мамыр 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министірлігі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚҚ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор міндетін атқарушы Н.М.Дукенбаев бұдан әрі "1-тарап" деп аталып, "Қаныш Сәтбаев атындағы №12 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор М.А.Рысбекова бұдан әрі "2-тарап" деп аталып, бұдан әрі "Тараптар" деп аталып, осы Меморандумды (бұдан әрі — Меморандум) жасасты:

- Тараптар Түркістан қаласының тарихын ғылыми дәріптеу, насихаттау шеңберінде ынтымақтастықты дамыту үшін, төмендегілер туралы өзара түсіністік пен уағдаластыққа қол жеткізді:

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

1.1. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтай отырып, өз құзыреті шегінде осы Меморандум шеңберінде ынтымақтастық жүргізетін болады.

1.2. Тараптар өз құзыретінің мынадай салаларында ынтымақтасады:

- 1) тәрбие жұмысы саласындағы ынтымақтастықты дамыту мен нығайтуға қолдау көрсету; көшпелі көрмелер, білім алушылармен және оқушылармен кездесулер ұйымдастыру, дөңгелек үстелдер өткізу, Ұлы тұлғалардың өмірі мен қызметі, тарихи қалалардың тарихы туралы дәріс оқу; үйірме жұмыстарын үйлестіру;
- 2) тараптар бірлесіп айқындауы мүмкін өзара мүддені білдіретін басқа да мәселелер бойынша ынтымақтасуға құқылы.

1.3. Тараптар осы Меморандумның және ҚР заңнаманың, қағидалардың, нормалардың шарттарына сәйкес ақпарат алмасу, "Қаныш Сәтбаев атындағы №12 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты нығайтуға және одан әрі дамытуға, музей педагогикасының ортақ мүддеге қызмет ететіндігіне, мәдени және әлеуметтік дамуын нығайтуға ықпал ету;

1.4. Білім беру ұйымдарында өтілетін іс-шараларға жаңа серпін беруге жағдай жасау мақсатында күш біріктіріп, ынтымақтастық құру;

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Тараптар қажетті ұйымдық-құқықтық жағдайлар жасай отырып, теңдік пен өзара түсіністік қағидалары негізінде ынтымақтасады және өзара әрекеттеседі.

2.2. Осы Меморандумды табысты іске асыру үшін Тараптар осы жерде көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады;

2.3. Осы Меморандум ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

2.4. Меморандумды түсіндіруге немесе іске асыруға байланысты туындайтын кез келген келіспеушіліктер Тараптардың өзара келісімі бойынша консультациялар мен іскерлік келіссөздер арқылы шешілетін болады.

2.5. Қажет болған жағдайда ынтымақтастықты жүзеге асыру Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған шарт жасасу жолымен жүзеге асырылады.

2.6. Әрбір Тарап осы Меморандум шеңберіндегі олардың ынтымақтастығына қатысты бөлігінде екінші Тараппен алдын ала келіспей жария мәлімдемелер жасамайды.

3. ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ФОРМАЛАРЫ

- 3.1. Ынтымақтастық саласына жататын ақпарат (Тараптардың бір-біріне хабарламалар жіберуі, Тараптар өкілдерінің кездесулерін ұйымдастыру және т.б) алмасу.
- 3.2. Тараптардың қызметіне қатысты және өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша консультациялар.
- 3.3. Осы Меморандумның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бірлескен іс-шараларды (бағдарламаларды әзірлеуді) жоспарлау.
- 3.4. Басым жобаларды бірлесіп әзірлеу және оларды табысты іске асыру үшін жағдайлар жасау.
- 3.5. Бірлескен комиссияларды, жұмыс топтарын, өзге де консультативтік, сараптамалық және өзге де органдарды құру және олардың қызметін қамтамасыз ету.
- 3.6. Тараптар ынтымақтастығының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шарттар (келісімдер) жасасу.

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР

- 4.1 Меморандум бойынша Тараптар бір-бірінің алдында ешқандай қаржылық міндеттеме алмайды.
- 4.2 Осы меморандум бойынша бірлескен жобалар барысында туындайтын зияткерлік меншік мәселелері, қаржылық мәселелер әрбір нақты жағдайда жеке келісімдермен талқылануы тиіс.

5. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

- 5.1. Тараптар құпия ақпаратты қорғау үшін Тараптардың ұлттық заңнамасының ережелерінде көзделген тиісті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 7.1. Меморандум оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы қолданылады.
- 7.2. Меморандум Тараптардың ниеттерін білдіреді және заңды және қаржылық міндеттемелерге әкеп соқпайды.
- 7.3. Тараптар келісім бойынша Меморандумға тиісті қосымша келісімдермен ресімделген толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады, ол Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады және оған қол қойылғаннан кейін дереу күшіне енеді.
- 7.4. Тараптар Меморандумды іске асыру нәтижелері туралы жұртшылықты бірлесіп хабардар ететін болады.
- 7.5. Тараптардың кез келгені осы Меморандумның қолданылуын екінші Тарапқа қолданыс аяқталған күнге дейін 3 (үш) ай бұрын бұзу ниеті туралы тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы тоқтатуға құқылы. Осы Меморандумның қолданылуы Тарап осындай хабарламаны алған күннен бастап тоқтатылады.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ

<p>«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директор м.а. _____ Н.М.Дукенбаев</p>  <p>2025 ж.</p>	<p>"Қ. Сәтбаев атындағы №12 ЖББМ" КММ директоры _____ М.А.Рысбекова</p>  <p>2025 ж.</p>
---	---